

Білім алушыларды қорытынды аттесттауға дайындау барысында жүргізілген психологиялық қолдау

Тақырыбы: «Мен неге қол жеткізгім келеді?» жаттығу

Мақсаты: Өз мендігін түсіну, махаббат, жылулық, сенімділік арқылы өз мендігін дамыта, өздеріне жағымды қарым-қатынас орнату.

Өткізілу түрі: тренинг

Өткізілген мерзімі: Жаттығу жүргізілген сынып: 11 а сыныбы

Өтілу барысы:

«Мен неге қол жеткізгім келеді?» жаттығу алдында оқушылар өз ойларымен бөлісіп, пікірлерін ашып айтты. Бір – біріне сұрақ қою арқылы, ойларын айтып, ақыл – кеңес алды.

Жаттығу: Барлығы топ болып, дөңгеленіп отырады (орындықтарда). Бір оқушы топтан жүргізуші болып, ортаға шығады, көзі байлаулы болады. Жүргізуші бала топтағы отырған біреуінің алдына отырады. Оның міндеті: отырғанда, кімнің алдына отырғанын табу, орындыққа отырғандай отыру. Орындықта отырған, алдындағы жүргізуші бала отырғанды кім екенің тауып алса, сол жүргізуші болып ауысады. Ары қарай жалғасады.

Мен күн сәулесіндемін.

Өз атыңды жазып қой. Сендердің міндеттерін өздерін туралы, көбірек жақсы сөз жазу. Біз өзімізді не үшін жақсы көру керекпіз, өз әлсіздігімізді, кемшілігімізді жеңе білуге күш жинау. Яғни алда тұрған қиыншылықтарды сабырлықпен жеңуге көмектесу.

- * Топ болып бір-бірімізді бағалау;
- * Бір-бірімізді қолдау, қолпаштау;
- * Кешірімді болу;
- * Сүйіспеншілік сыйлау өзіңді жақсы көрудің ашық жолы.

Мектеп психологі: Касимова Ж.А.